

Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсан N 152 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 22 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5109 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 109 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 109 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есебін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ақышевқа жүктелсін.

*Ұлттық Банк
Төрағасы*

Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша: тараулар параграфтардың тақырыптарының нөмірлері алдында "§" деген белгімен толықтырылды, "Саудаға арналған", "саудаға арналған" деген сөздер тиісінше "Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын", "әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80, 2011.01.31 № 4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаның (бұдан әрі – банктер) бухгалтерлік есеп жүргізуін нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Нұсқаулықта 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім), "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" 1997 жылғы 28

сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1015 тіркелген "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдер есебін жүргізу ережесін бекіту жөнінде" 1999 жылғы 15 қарашадағы № 396 және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13071 тіркелген "Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізуі қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 261 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дисконт (жеңілдік) – қаржы активінің/міндеттемесінің бастапқы құны (есептелген сыйақыны қоспағанда) және инвестор (сатып алушы) үшін болашақ кезеңдердің кірістерін/шығыстарын құрайтын өтеу сомасы арасында туындайтын теріс айырма сомасы;

2) кредиттік дериватив – активті жеке сатуды қолдамай, актив бойынша кредиттік тәуекелді бір тараптан (бенефициардан) басқа тарапқа (гарантқа) ауыстыруға мүмкіндік беретін қаржы құралы;

3) кредиттік-дефолт свопы – екіжақты қаржы құралы, мұнда бірінші тарап (кредиттік-дефолт свопы мәмілесі бойынша сатып алушы) кезеңдік төлемдерді басқа тарапқа (кредиттік-дефолт свопы мәмілесі бойынша сатушыға) кредиттік жағдайдың басталуына негізделген төлемге айырбас ретінде жүргізеді;

4) сыйлықақы – қаржы активінің/міндеттемесінің бастапқы құны (есептелген сыйақыны қоспағанда) және инвестор (сатып алушы) үшін болашақ кезеңдердің шығыстарын/кірістерін құрайтын өтеу сомасы арасында туындайтын оң айырма сомасы;

5) сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизациясы – сыйлықақының немесе дисконттың (жеңілдіктің) сомасын пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып банктің кірістеріне немесе шығыстарына біртіндеп жатқызу.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

3. Банктер жасайтын операциялардың бухгалтерлік есебі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Нұсқаулықта халықаралық қаржылық есептілік талаптарына сәйкес мәміле жасау күнгі және мәміле бойынша есеп айырысу күнгі қаржы активтерін сатып алудың және сатудың үлгі мәмілелерін есепке алу әдістері қолданылады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы активтерін сатып алудың және сатудың үлгі мәмілелерін есепке алу әдістерінің бірін таңдау банктің есеп саясатында айқындалады.

5. Банктің бухгалтерлік есеп жүргізуді реттейтін ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде банкішілік транзиттік шоттарды пайдалануға және қосымша бухгалтерлік жазбалар жасауға жол беріледі.

Шетел валютасын, қаржы құралдарын, тазартылған бағалы металдарды, туынды қаржы құралдарын және басқа да активтерді валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруіне немесе олардың әділ құнының өзгеруіне байланысты қайта бағалаудан болған кірістердің және шығыстардың сомаларын өткізілген және (немесе) өткізілмеген кірістер және (немесе) шығыстар деп бөлместен банктің жүргізілетін операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуді реттейтін ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен көрсетуге жол беріледі.

Банктің шетел валютасымен және тазартылған бағалы металдарымен операцияларды бухгалтерлік есепте шетел валютасының және тазартылған бағалы металдардың валюталық позициясы және қарсы құны шоттарын пайдаланбастан көрсетуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған қосалқы есеп болған кезде, шетел валютасындағы операциялардың сомаларын жоғарыда көрсетілген шоттарды пайдаланбастан көрсетуге жол беріледі.

Сыйақы түріндегі кірістер мен шығыстар 9 "Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі пайдаланыла отырып танылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-тарау. Шетел валютасындағы және тазартылған бағалы металдардағы активтер мен міндеттемелерді қайта бағалау жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Активтерді және шетел валютасындағы міндеттемелерді қайта бағалау банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен және тәртіпте жүзеге асырылады.

7. Шетел валютасындағы активтерді 21 "Валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруінің әсері" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң бағамдық айырма сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны"

Кт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер",

сондай-ақ өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша әділ құнды түзету бойынша оң бағамдық айырма сомасына:

Дт 1456 "Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты"

1457 "Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты"

Кт 3561 "Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтері";

2) теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны",

сондай-ақ өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша әділ құнды түзету бойынша теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт 3561 "Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтері"

Кт 1456 "Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты"

1457 "Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты".

Шетел валютасындағы активтерді 21 "Валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруінің әсері" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң бағамдық айырма сомасына:

Дт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны";

2) теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны"

Кт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер".

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Тазартылған қымбат металдардағы активтерді және міндеттемелерді әділ құны бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

тазартылған қымбат металдардың әділ құны олардың есепке алынған құнынан жоғары болған жағдайда:

Дт 1010 "Тазартылған қымбат металдар"

Кт 2872 "Тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позиция",
сонымен бір мезгілде:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгемен көрсетілген қарсы құны (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позиция)"

Кт 4704 "Тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс",

тазартылған қымбат металдардың есепке алынған құны олардың әділ құнынан жоғары болған жағдайда:

Дт 1873 "Тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позиция"

Кт 1010 "Тазартылған қымбат металдар",
сонымен бір мезгілде:

Дт 5704 "Тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған шығыс"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың (тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позиция) теңгемен қарсы құны".

9. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Шетел валютасымен дилингтік операциялардың бухгалтерлік есебі

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-параграф. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілелерін мәміле жасалған күн бойынша есепке алу

10. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілесі жасалған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

шетел валютасындағы талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2858 "Шетел валютасы бойынша ұзақ валюталық позиция";

сатып алу бағамы бойынша теңгемен міндеттемелер сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме";

бір мезгілде шетел валютасының сатып алу бағамының есепке алу бағамынан айырмашылығы болған жағдайда туындайтын айырмаға мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

шетел валютасын сатып алу бағамы есепке алу бағамынан асып кеткен жағдайда:

Дт 5530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны";

есепке алу бағамы шетел валютасын сатып алу бағамынан асып кеткен жағдайда:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны"

Кт 4530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер".

11. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілесі банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағаланған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

Кт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны";

2) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің оң бағамдық айырма сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны"

Кт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер".

12. Осы Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес қайта бағалау жүргізілгеннен кейін шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілесін валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сатып алу үшін аударылатын теңгемен сомаға:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар";

2) сатып алынатын шетел валютасының сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар".

2-параграф. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілелерін есеп айырысу күні бойынша есепке алу

13. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілесі жасалған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сатып алу бойынша шетел валютасындағы шартты талаптар сомасына:

Дт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

2) шетел валютасын сатып алу бойынша теңгемен шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер".

14. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілесі банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағаланған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме";

2) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің оң бағамдық айырма сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер";

3) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының оң және теріс өзгеруі бойынша ең аз қалдық сомасына:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар".

15. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілесін валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

2) шетел валютасын сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";

3) теңгемен және шетел валютасындағы сомаға, сондай-ақ шетел валютасын қайта бағалау сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар";

4) шетел валютасын сатып алу бағамы есептік бағамынан асып кеткен кезде

Дт 5530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2859 "Валюталық позицияның қарсы құны";

5) шетел валютасының есептік бағамы сатып алу бағамынан асып кеткен кезде:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны"

Кт 4530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер";

6) бұрын орындалған қайта бағалауды қалпына келтіру:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

немесе

Дт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар".

3-параграф. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілелерін мәміле жасау күні бойынша есепке алу

16. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілесі жасалған күні сату бағамы бойынша талаптар мен міндеттемелер сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

шетел валютасындағы міндеттемелер сомасына:

Дт 1858 "Шетел валютасы бойынша қысқа валюталық позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме";

теңгемен талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны";

бір мезгілде шетел валютасын сату бағамының есептік бағамнан айырмасы болған жағдайда туындайтын айырмаға мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасының есептік бағамы сату бағамынан асып кеткен кезде:

Дт 5530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Дт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны";

2) шетел валютасын сату бағамы есептік бағамынан асып кеткен кезде:

Дт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны"

Дт 4530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер".

17. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілесі банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағаланған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны"

Кт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер";

2) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің оң бағамдық айырма сомасына:

Дт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны".

18. Осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес қайта бағалау жүргізілгеннен кейін шетел валютасын сату бойынша спот мәмілесін валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өткізілетін шетел валютасының сомасына:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар";

2) шетел валютасын өткізгені үшін алынған теңгемен сомаға:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар".

4-параграф. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілелерін есеп айырысу күні бойынша есепке алу

18-1. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілесі жасалған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) шетел валютасын сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция".

18-2. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілесі банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағаланған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер";

2) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруінің оң бағамдық айырма сомасына:

Дт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме";

3) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамының оң және теріс өзгеруі бойынша ең аз қалдық сомасына:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар".

18-3. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілесін валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

2) шетел валютасын сату бойынша шартты талаптар:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";

3) шетел валютасындағы және теңгемен сомаға, сондай-ақ шетел валютасын қайта бағалау сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар";

4) шетел валютасының есептік бағамы сату бағамынан асып кеткен кезде:

Дт 5530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық қысқа позицияның) қарсы құны";

5) шетел валютасын сату бағамы есептік бағамынан асып кеткен кезде:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен (валюталық ұзақ позицияның) қарсы құны"

Кт 4530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер";

б) бұрын орындалған қайта бағалауды қалпына келтіру:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттеме"

Дт 5703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар"

немесе

Дт 4703 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер"

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар".

4-тарау. Салым операцияларының бухгалтерлік есебі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Банк салымдарына бастапқы және/немесе қосымша ақша жарнасын салған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) банк салымы шарты бойынша ақша сомасына:

Дт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары"

Дт 2021 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап ету бойынша салымдары"

2022 "Шетелдік орталық банктердің талап ету бойынша салымдары"

Кт 2023 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары"

2121 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары"

2122 "Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары"

2123 "Басқа банктердің мерзімді салымдары (бір айға дейінгі)"

2124 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі)"

2125 "Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар"

2127 "Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары"

2130 "Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым"

2133 "Басқа банктердің шартты салымдары"

2205 "Жеке тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"

2206 "Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"

2207 "Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"

2208 "Жеке тұлғалардың шартты салымдары"

2211 "Занды тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"

2215 "Занды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"

2217 "Занды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"

2219 "Занды тұлғалардың шартты салымдары";

2) жеңілдік сомасына:

Дт 2140 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша дисконт"

2239 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт"

Дт 2021 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап ету бойынша салымдары"

2022 "Шетелдік орталық банктердің талап ету бойынша салымдары"

Кт 2023 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары"

2121 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары"

2122 "Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары"

2123 "Басқа банктердің мерзімді салымдары (бір айға дейінгі)"

2124 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі)"

2125 "Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар"

2127 "Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары"

2130 "Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым"

2133 "Басқа банктердің шартты салымдары"

2205 "Жеке тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"

2206 "Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"

2207 "Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"

2208 "Жеке тұлғалардың шартты салымдары"

2211 "Занды тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"

2215 "Занды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"

2217 "Занды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"

2219 "Занды тұлғалардың шартты салымдары",

сыйлықақы сомасына:

Дт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары"

Кт 2139 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы"

2238 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы".

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

20. Банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікке сәйкес банктік салым шарты бойынша сыйақы есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) теңгемен сыйақы есептеу кезінде:

Дт 5121 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5122 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5123 "Шетелдік орталық банктердің талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5124 "Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5125 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5126 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі) бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5127 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі) бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5128 "Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5130 "Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5133 "Басқа банктердің шартты салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5211 "Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5215 "Клиенттердің қысқа мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5217 "Клиенттердің ұзақ мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5219 "Клиенттердің шартты салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

Кт 2702 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2712 "Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2714 "Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген

шығыстар"

2719 "Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2720 "Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2721 "Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар";

2) шетел валютасымен сыйақы есептеу кезінде:

Дт 1858 "Шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позиция"

Кт 2702 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2712 "Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2714 "Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2719 "Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2720 "Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2721 "Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар",

сонымен бір мезгілде, теңгедегі қарсы құн сомасына:

Дт 5121 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5122 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5123 "Шетелдік орталық банктердің талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5124 "Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5125 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5126 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі) бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5127 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі) бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5128 "Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5130 "Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5133 "Басқа банктердің шартты салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5211 "Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5215 "Клиенттердің қысқа мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5217 "Клиенттердің ұзақ мерзімді салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5219 "Клиенттердің шартты салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгемен қарсы құны (қысқа валюталық позиция)".

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

21. Банктік салым шартында көзделген міндеттемелердің жалпы сомасына банк салымы бойынша есептелген сыйақы сомасын капиталдандыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 2702 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстары"

2712 "Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2714 "Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2719 "Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2720 "Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2721 "Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар"

Кт 2021 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап ету бойынша салымдары"

2022 "Шетелдік орталық банктердің талап ету бойынша салымдары"

2023 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары"

2121 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары"

- 2122 "Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары"
- 2123 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі)"
- 2124 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі)"
- 2125 "Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар"
- 2127 "Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары"
- 2130 "Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым"
- 2133 "Басқа банктердің шартты салымдары"
- 2205 "Жеке тұлғалардың талап етуге дейінгі салымдары"
- 2206 "Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"
- 2207 "Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"
- 2208 "Жеке тұлғалардың шартты салымдары"
- 2211 "Занды тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"
- 2215 "Занды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"
- 2217 "Занды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"
- 2219 "Занды тұлғалардың шартты салымдары".

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

22. Банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікке сәйкес банк салымы бойынша жеңілдіктер/сыйлықақылар амортизациясы кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) теңгедегі жеңілдік амортизациясы сомасына:

Дт 5138 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша шығыстар"

5236 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша шығыстар"

Кт 2140 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша дисконт"

2239 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт";

2) шетел валютасындағы жеңілдік амортизациясы сомасына:

1858 "Шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позиция"

2140 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдің орталық банктерінен және басқа банктерден тартылған салымдар бойынша дисконт"

2239 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт",
сонымен бір мезгілде, теңгедегі қарсы құн сомасына:
Дт 5138 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік
орталық банктерден және басқа банктерден тартылған
салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша
шығыстар"

5236 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт
амортизациясы бойынша шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгемен қарсы құны (қысқа
валюталық позиция)";

3) теңгедегі сыйлықақы амортизациясы сомасына:

Дт 2139 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік
орталық банктерден және басқа банктерден тартылған
салымдар бойынша сыйлықақы"

2238 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы "

Кт 4270 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік
орталық банктерден және басқа банктерден тартылған
салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша
кірістер"

4440 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы
амортизациясы бойынша кірістер";

4) шетел валютасындағы сыйлықақы амортизациясы сомасына:

Дт 2139 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік
орталық банктерден және басқа банктерден тартылған
салымдар бойынша сыйлықақы"

2238 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы"

Кт 2858 "Шетел валютасы бойынша ұзақ валюталық позиция",
сонымен бір мезгілде теңгедегі қарсы құн сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны
(валюталық ұзақ позиция)"

Кт 4270 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік
орталық банктерден және басқа банктерден тартылған
салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша
кірістер"

4440 "Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы
амортизациясы бойынша кірістер".

23. Банк салымы бойынша есептелген сыйақы сомасын төлеу кезінде
мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 2702 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары бойынша

есептелген шығыстар"

2712 "Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2714 "Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2719 "Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2720 "Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар"

2721 "Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар"

Кт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2010 "Корреспонденттік шоттар"

2203 "Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары".

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

24. Банк салымы сомасын енгізу күні салымшыға сыйақы төлеу кезінде төленген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1792 "Алынған заемдар және салымдар бойынша алдын ала төленген сыйақы"

Кт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2010 "Корреспонденттік шоттар"

2203 "Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары".

N 1792 "Алынған заемдар және салымдар бойынша алдын ала төленген сыйақы" баланстық шотындағы қалдық есептеу әдісіне сәйкес шығысқа жатқызылуы тиіс.

25. Банк тартқан банк салымы бойынша салымшыға негізгі борыш сомасын қайтарған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 2021 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап ету бойынша салымдары"

2022 "Шетелдік орталық банктердің талап ету бойынша

салымдары"

2023 "Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары

2121 "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары"

2122 "Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары"

2123 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі)"

2124 "Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі)"

2125 "Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар"

2127 "Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары"

2130 "Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым"

2133 "Басқа банктердің шартты салымдары"

2205 "Жеке тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"

2206 "Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"

2207 "Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"

2208 "Жеке тұлғалардың шартты салымдары"

2211 "Занды тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"

2215 "Занды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"

2217 "Занды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"

2219 "Занды тұлғалардың шартты салымдары"

Кт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2010 "Корреспонденттік шоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары".

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

5-тарау. Қарыз операцияларының бухгалтерлік есебі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Теңгемен және шетелдік валютамен банк заемдарын берген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер берілген банк заемының сомасы өтелетін банк заемының сомасына тең болған жағдайда:

нақты берілген ақша сомасына:

Дт 1301 "Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт заемдар"

1302 "Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді заемдар"

1303 "Басқа банктерге берілген заемдар"

1304 "Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді заемдар"

1407 "Клиенттерге факторинг"

1411 "Клиенттерге берілген қысқа мерзімді заемдар"

1417 "Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді заемдар"

1429 "Клиенттерге берілген басқа да заемдар"

Кт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары";

клиентке банк заемын алған сәтке дейін банк заемын алуға байланысты комиссиялық шығыстар түрінде келтірілген шығыстар сомасына (жеңілдік сомасына):

Дт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары"

Кт 1312 "Басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконт"

1434 "Клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт";

2) егер берілген банк заемының сомасы өтелуге тиіс банк заемының сомасынан аз болған жағдайда:

нақты берілген ақша сомасына:

Дт 1301 "Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт заемдар"

1302 "Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді заемдар"

1303 "Басқа банктерге берілген овернайт заемдар"

1304 "Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді заемдар";

1407 "Клиенттерге факторинг"

1411 "Клиенттерге берілген қысқа мерзімді заемдар"

1417 "Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді заемдар"

1429 "Клиенттерге берілген басқа да заемдар"

Кт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары";

жеңілдік сомасына:

Дт 1301 "Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт заемдар"

1302 "Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді заемдар"

1303 "Басқа банктерге берілген овернайт заемдар"

1304 "Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді заемдар";

1407 "Клиенттерге факторинг"

1411 "Клиенттерге берілген қысқа мерзімді заемдар"

1417 "Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді заемдар"

1429 "Клиенттерге берілген басқа да заемдар"

Кт 1312 "Басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконт"

1434 "Клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт".

Банк заемы шарты № 7339 "Әр түрлі құндылықтар және құжаттар" баланстан тыс шотта 1 (бір) теңге шартты құны бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Кепіл шарты негізінде, банк заемын қамтамасыз етуге қабылданған мүлік құнының сомасына (теңгемен және сол сияқты шетел валютасымен), мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Кіріс 7250 "Қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік".

28. Егер заемшының міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде кепілдік қабылданса, қабылданған кепілдік сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 6075 "Қабылданған кепілдіктер бойынша болуы мүмкін талаптар"

Кт 6575 "Қабылданған кепілдіктер бойынша азаюы мүмкін талаптар".

29. Банк заемы бойынша қамтамасыз ету ретінде заемшының банктік шотында орналастырылған ақшаны қабылдаған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2204 "Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары"

2205 "Жеке тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"
2206 "Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"
2207 "Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"
2208 "Жеке тұлғалардың шартты салымдары"
2211 "Занды тұлғалардың талап ету бойынша салымдары"
2215 "Занды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары"
2217 "Занды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары"
2219 "Занды тұлғалардың шартты салымдары"
2222 "Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары"
Кт 2213 "Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым"
2223 "Занды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым"
2240 "Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (қардарлық, қарымжы) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты".

30. Банк кредит желісін ашқан немесе банктік заем шартына сәйкес болашақта банк заемын берген кезде пайдаланылмаған лимит немесе берілмеген банк заемы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 6125 "Болашақта берілетін қайтарып алынбайтын заемдар бойынша шартты талаптар"
6126 "Болашақта берілетін қайтарып алынатын заемдар бойынша шартты талаптар"
Кт 6625 "Болашақта берілетін қайтарып алынбайтын заемдар бойынша шартты міндеттемелер"
6626 "Болашақта берілетін қайтарып алынатын заемдар бойынша шартты міндеттемелер".

Банктік заем шартына сәйкес банк заемының кезекті сомасын берген кезде банктің болашақта банк заемдарын беру бойынша шартты міндеттемелері берілген банк заемы сомасына азайтылады және мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 6625 "Болашақта берілетін қайтарып алынбайтын заемдар бойынша шартты міндеттемелер"
6626 "Болашақта берілетін қайтарып алынатын заемдар бойынша шартты міндеттемелер"
Кт 6125 "Болашақта берілетін қайтарып алынбайтын заемдар бойынша шартты талаптар"
6126 "Болашақта берілетін қайтарып алынатын заемдар бойынша шартты талаптар".

31. Банктің есеп саясатында белгіленген кезеңділікке сәйкес банк заемдары бойынша сыйақы және жеңілдік амортизациясын (дисконт) есептеу кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) теңгемен сыйақы есептеген кезде:

Дт 1730 "Басқа банктерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер"

1740 "Клиенттерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер"

Кт 4301 "Басқа банктерге берілген овердрафт заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер"

4302 "Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер"

4303 "Басқа банктерге берілген овернайт заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер"

4304 "Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер"

4407 "Клиенттерге факторинг бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер"

4411 "Клиенттерге берілген қысқа мерзімді заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер"

Дт 1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар"

Кт 1482 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша дисконт";

4) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт 1745 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар".

64. Банктің есеп саясатында белгіленген мерзімділікпен сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны және сыйлықақы (дисконттың) амортизациясын есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйақы сомасына:

Дт 1745 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер"

Кт 4481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақыны алумен байланысты кірістер";

2) сыйлықақы сомасына:

Дт 5308 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны амортизациялау бойынша шығыстар"

Кт 1483 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы";

3) дисконт сомасына:

Дт 1482 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша дисконт"

Кт 4482 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша дисконтты амортизациялау бойынша кірістер".

65. Эмитент борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар"

Кт 1745 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер".

66. Борыштық бағалы қағаздарды сату кезінде борыштық бағалы қағаздардың жарияланған сыйақысы және сыйлықақы (дисконт) амортизациясы есептелгеннен кейін осы Нұсқаулықтың 64-тармағына сәйкес мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт 1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар"

Кт 1483 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы";

2) амортизацияланбаған дисконт сомасына:

Дт 1482 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша дисконт"

Кт 1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар";

3) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды сату бойынша мәміле сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар"

Кт 1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар"

1745 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер";

4) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды сату туралы мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар"

Кт 4510 "Бағалы қағаздарды сату-сатып алу бойынша кірістер";

5) амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың есептік құнының бағалы қағаздарды сату туралы мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт 5510 "Бағалы қағаздарды сату-сатып алу бойынша шығыстар"

Кт 1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар".

67. Амортизацияланған құнмен есептелінетін борыштық бағалы қағаздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар) құрған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 5464 "Бағалы қағаздар бойынша резервтерге (провизияларға) ақша бөлу"

Кт 1486 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша зиянның орнын жабуға резервтер (провизиялар)".

68. Амортизацияланған құнмен есептелінетін борыштық бағалы қағаздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды жабуға арналған резервтер (

провизиялар) азайған (жойылған) кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1486 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша зиянның орнын жабуға резервтер (провизиялар)".

Кт 4954 "Бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден кірістер".

69. Эмитент борыштық бағалы қағаздардың құнын өтеу кезінде жарияланған сыйақы және сыйлықақының немесе дисконттың амортизациясын есептегеннен кейін борыштық бағалы қағаздардың эмитентінен түскен ақша сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар"

Кт 1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар"

1745 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер".

70. Құнсызданған борыштық бағалы қағаздар қалыптастырылған резервтер (провизиялар) есебінен есептен шығарылған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1486 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша зиянның орнын жабуға резервтер (провизиялар)"

Кт 1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар".

1745 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер".

Дисконттың және (немесе) сыйлықақының амортизацияланбаған бөлігінің сомасына бухгалтерлік жазбалар осы Нұсқаулықтың 66-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

71. Шетел валютасындағы борыштық бағалы қағаздармен операциялар жүргізу кезінде бухгалтерлік жазбалар валюта позициясы және қарсы құн шоттарын (1858 "Шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позиция",

1859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық ұзақ позиция)", 2858 "Шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позиция",

2859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық ұзақ позиция)") пайдалана отырып жүзеге асырылады.

4-параграф. Банк айналысқа шығарған бағалы қағаздарды есепке алу

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

72. Банк бағалы қағаздарды айналысқа шығарған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) облигацияларды іске асыру сомасына (олардың номиналды құнынан аспайтын):

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар"

Кт 2301 "Айналысқа шығарылған облигациялар"

2303 "Айналысқа шығарылған өзге бағалы қағаздар"

2406 "Реттелген облигациялар";

2) сыйлықақы сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар"

Кт 2304 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы"

2403 "Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйлықақы";

3) дисконт сомасына:

Дт 2305 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт"

2404 "Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконт"

Кт 2301 "Айналысқа шығарылған облигациялар"

2303 "Айналысқа шығарылған өзге бағалы қағаздар"

2406 "Реттелген облигациялар".

73. Банктің есеп саясатында белгіленген мерзімділікпен банк айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы және сыйлықақы (жеңілдік) амортизациясын есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

сыйақы сомасына:

Дт 5301 "Айналысқа шығарылған облигациялар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5303 "Айналысқа шығарылған өзге де бағалы қағаздар"

бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

5406 "Реттелген облигациялар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар"

Кт 2730 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыстар"

2756 "Реттелген облигациялар бойынша есептелген шығыстар", сыйлықақының амортизация сомасына:

Дт 2304 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы"

2403 "Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйлықақы"

Кт 4454 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясының кірістері"

4455 "Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйақы амортизациясы бойынша кірістер",

дисконттың амортизация сомасына:

Дт 5307 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясының шығыстары"

5404 "Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконт амортизациясы бойынша шығыстар"

Кт 2305 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт"

2404 "Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконт".

74. Банк айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 2730 "Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыстар"

2756 "Реттелген облигациялар бойынша есептелген шығыстар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2010 "Корреспонденттік есепшоттар".

75. Банк айналысқа шығарылған бағалы қағаздарды өтеу кезінде сыйақы және сыйлықақы/дисконт амортизациясын есептегеннен кейін мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

банк төлеген ақша сомасына:

Дт 2301 "Айналысқа шығарылған облигациялар"

2303 "Айналысқа шығарылған өзге бағалы қағаздар"

2406 "Реттелген облигациялар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"
1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"
2010 "Корреспонденттік есепшоттар".

6-1-тарау. Динамикалық резервтердің бухгалтерлік есебі

Ескерту. 6-1-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

75-1. Динамикалық резервтерді тану қажеттігі туындаған немесе бұрын танылған динамикалық резервтер ұлғайтылған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3599 "Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)"
Кт 3400 "Динамикалық резервтер".

75-2. Бұрын танылған динамикалық резервтер азайтылған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3400 "Динамикалық резервтер"
Кт 3599 "Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)".";

7-тарау. РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

76. РЕПО операцияларын жүзеге асыру кезінде мәміле сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"
1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"
Кт 2255 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары".

77. РЕПО операциясы бойынша сыйақы түрінде шығыстарды есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 5250 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты шығыстар"
Кт 2725 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыстар".

78. РЕПО операциясы бойынша бұрын берілген бағалы қағаздарды алған кезде РЕПО операциясы бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар

сомасына және РЕПО операциясын жабу сомасына (осы мәміле жасалған кезде белгіленген мәмілелерді жабу құны) мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 2255 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары".

2725 "Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыстар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар".

79. Кері РЕПО операциясын жасаған кезде (бағалы қағаздарды сатып алу кезінде) операция сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1461 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар".

Ескерту. 79-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.01.31 № 4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

80. Кері РЕПО операциясы бойынша сыйақы есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1748 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер"

Кт 4465 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақыны алуға байланысты кірістер".

81. Кері РЕПО операциясы бойынша бұрын берілген бағалы қағаздарды алған кезде кері РЕПО операциясы бойынша есептелген сыйақы сомасына және кері РЕПО операциясын жабу сомасына (осы мәміле жасалған кезде белгіленген мәмілелерді жабу құны) мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

Кт 1461 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары"

1748 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер".

Ескерту. 81-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.01.31 № 4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

82. Шетел валютасымен РЕПО және кері РЕПО операциялары жүзеге асырылған кезде валюталық позиция және қарсы құн (1858 "Шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позиция", 1859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық ұзақ позиция)", 2858 "Шетел валютасы

бойынша валюталық ұзақ позиция", 2859 "Шетел валютасының теңгемен қарсы құны (қысқа валюталық позиция)") шоттарын пайдалана отырып бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады.

8-тарау. Тазартылған қымбат металдарды сатып алу және сату операцияларының бухгалтерлік есебі

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

83. Тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша спот мәмілесін жасаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) тазартылған қымбат металдарды теңгеге сатып алу бойынша талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2872 "Тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позиция";
бір мезгілде:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позициясының) қарсы құны"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сатып алу құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позициясының) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";
теріс айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі
(тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ
позициясының) қарсы құны";

3) тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сатып алу бойынша талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2872 "Тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позиция";

тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сатып алу бойынша міндеттемелер сомасына:

Дт 1858 "Шетел валютасы бойынша қысқа валюталық позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер";

бір мезгілде:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі
(тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ
позициясының) қарсы құны"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық
позицияның) қарсы құны".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сатып алу құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі
(тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ
позициясының) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";
теріс айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық
позицияның) қарсы құны".

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.01.31 № 4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

84. Тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша спот мәмілесін валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";

мәміле сомасына:

Дт 1010 "Тазартылған қымбат металдар"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар",
сонымен бір мезгілде:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер"

5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер".

Ескерту. 84-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80, 2011.01.31 № 4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

85. Тазартылған қымбат металдарды сату бойынша спот мәмілесін жасаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) тазартылған қымбат металдарды теңгеге сату бойынша талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі
(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны";

бір мезгілде:

Дт 1873 "Тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сату құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны";

теріс айырма сомасына:

Дт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";

3) тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сату бойынша талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2858 "Шетел валютасы бойынша ұзақ валюталық позиция";

тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сату бойынша міндеттемелер сомасына:

Дт 1873 "Тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер";

бір мезгілде:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық

позицияның) қарсы құны"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сату құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны";

теріс айырма сомасына:

Дт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позицияның) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер".

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.01.31 № 4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

86. Тазартылған қымбат металдарды сату бойынша спот мәмілесін валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";

теңгемен көрсетілген және сатылатын тазартылған қымбат металдар үшін алынатын ақша сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

4540 Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";

бір мезгілде:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 1010 "Тазартылған қымбат металдар".

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.01.31 № 4 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

9-тарау. Туынды қаржы құралдарымен операциялардың бухгалтерлік есебі

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-параграф. Форвардтық мәмілелермен операцияларды есепке алу

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

87. Форвард мәмілесі жасалған күні базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған форвард мәмілесінің талаптарына сәйкес шартты талаптар сомасына мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

- Дт 6205 "Бағалы қағаздар сатып алу жөніндегі шартты талаптар"
- 6305 "Бағалы қағаздар сату жөніндегі шартты талаптар"
- 6350 "Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар"
- 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптары"
- 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптары",
- Кт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"
- 6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"
- 6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позиция"
- 6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позиция",

сонымен бір мезгілде, базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған форвард мәмілесінің талаптарына сәйкес шартты міндеттемелер сомасына:

- Дт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"
- 6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"
- 6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позиция"
- 6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позиция"
- Кт 6705 "Бағалы қағаздар сатып алу жөніндегі шартты міндеттемелер"
- 6805 "Бағалы қағаздар сату жөніндегі шартты міндеттемелер"
- 6850 "Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер"
- 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"
- 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер".

Ескерту. 87-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

88. Банктің есеп саясатында белгіленген мерзімділікпен шетел валютасын сатып алу және/немесе сату бойынша форвард мәмілелерін әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) форвард мәмілесінің әділ құнын оң өзгерту сомасына:

Дт 1892 "Форвард операциялары бойынша талаптар"

Кт 4560 "Бағалы қағаздар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"

4570 "Шетел валютасы бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"

4580 "Тазартылған қымбат металдар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"

4594 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс";

2) форвард мәмілесінің әділ құнын теріс өзгерту сомасына:

Дт 5560 "Бағалы қағаздар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5570 "Шетел валютасы бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5580 "Тазартылған қымбат металдар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5594 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс"

Кт 2892 "Форвард операциялары бойынша міндеттемелер";

3) форвард мәмілесінің әділ құнын оң/теріс түзету сомасына:

Дт 2892 "Форвард операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 1892 "Форвард операциялары бойынша талаптар".

Ескерту. 88-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

89. Ашық позицияны жабу және/немесе форвард мәмілесін орындау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған форвард мәмілесінің талаптарына сәйкес шартты талаптар мен міндеттемелер сомасына:

шартты талаптар сомасына:

Дт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позиция"
6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позиция"
Кт 6205 "Бағалы қағаздар сатып алу жөніндегі шартты талаптар"
6305 "Бағалы қағаздар сату жөніндегі шартты талаптар"
6350 "Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар"
6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптары"
6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптары",
шартты міндеттемелер сомасына:
Дт 6705 "Бағалы қағаздар сатып алу жөніндегі шартты міндеттемелер"
6805 "Бағалы қағаздар сату жөніндегі шартты міндеттемелер"
6850 "Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер"
6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"
6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер",
Кт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"
6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"
6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позиция"
6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позиция";

2) банк немесе қарсы әріптес форвард мәмілесінің құнын (ашық позицияны ашу) нетто негізінде ақшамен өтеу кезінде:

форвард мәмілесінің теріс құны кезінде:

Дт 2892 "Форвард операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары",

форвард мәмілесінің оң құны кезінде:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары"
Кт 1892 "Форвард операциялары бойынша талаптар";
3) базалық активті сатып алу бойынша форвард мәмілесін орындаған кезде:
Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"
1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"
1452 "Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"
1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар"
1201 "Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"
Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"
1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"
1892 "Форвард операциялары бойынша талаптар"
2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары";
4) базалық активті сату бойынша форвардтық мәмілені орындау кезінде:
Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"
1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"
2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары";
2892 "Форвард операциялары бойынша міндеттемелер"
Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"
1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"
1201 "Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"
1452 "Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"
1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар";
5) шетел валютасын сатып алуға/сатуға арналған форвард мәмілелерін қайта бағалаудан іске асырылған кірістер сомасына:
Дт 4560 "Бағалы қағаздар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"
4570 "Шетел валютасы бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"
4580 "Тазартылған қымбат металдар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"

4594 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс";

Кт 4892 "Форвард операциялары бойынша кірістер"

5560 "Бағалы қағаздар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5570 "Шетел валютасы бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5580 "Тазартылған қымбат металдар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5594 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс";

б) шетел валютасын сатып алуға/сатуға арналған форвард мәмілелерін қайта бағалаудан іске асырылған шығыстар сомасына:

Дт 4560 "Бағалы қағаздар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"

4570 "Шетел валютасы бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"

4580 "Тазартылған қымбат металдар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс"

4594 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс";

5892 "Форвард операциялары бойынша шығыстар"

Кт 5560 "Бағалы қағаздар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5570 "Шетел валютасы бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5580 "Тазартылған қымбат металдар бойынша форвардтық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс"

5594 "Басқа да туынды қаржы құралдарымен операцияларды қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс".

Ескерту. 89-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80; 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

90. Шетел валютасымен форвард мәмілелермен операциялар жүргізу кезінде валюталық позициялар және қарсы құн (1858 "Шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позиция", 1859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген

қарсы құны (валюталық ұзақ позиция)", 2858 "Шетел валютасы бойынша валюталық ұзақ позиция", 2859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық қысқа позиция)") шоттарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

2-параграф. Фьючерстік мәмілелер бойынша операцияларды есепке алу

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

91. Базалық активті сатып алуға немесе сатуға арналған фьючерстік мәмілені жасау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) фьючерстік мәмілелердің шарттарына сәйкес шартты талаптар сомасына:

Дт 6210 "Фьючерс операциялары бойынша шартты талаптар"

Кт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер

бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша

позициясы";

2) фьючерстік мәмілелердің шарттарына сәйкес шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер

бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша

позициясы"

Кт 6710 "Фьючерс операциялары бойынша шартты міндеттемелер"

6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция".

Ескерту. 91-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

92. Фьючерстік мәмілелердің шарттарына сәйкес маржаны төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Заңды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары".

93. Базалық активті сатып алуға немесе сатуға арналған фьючерстік мәмілені әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) фьючерстік мәміленің әділ құнын оң өзгерту сомасына:

Дт 1891 "Фьючерс операциялары бойынша талаптар"

Кт 4590 "Қаржы фьючерстерін қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс";

2) фьючерстік мәміленің әділ құнының теріс өзгеру сомасына:

Дт 5590 "Қаржы фьючерстерін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс";

Кт 2891 "Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер";

3) фьючерстік мәміленің әділ құны есептелетін оң/теріс түзету сомасына:

Дт 2891 "Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 1891 "Фьючерс операциялары бойынша талаптар".

Ескерту. 93-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

94. Банк қарсы әріптестің пайдасына/қарсы әріптес банктің пайдасына маржа сомасын төлеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) банк қосымша төлеген маржа сомасына:

Дт 1852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары";

2) қарсы әріптестен алынған маржа сомасына:

Дт 1852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу"

Кт 2852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысулар";

3) қор биржасында/брокерде ашылған шоттан есептеуге рұқсат етілген маржаны есептен шығару кезінде:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары"

Кт 1852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысулар";

4) қор биржасы/брокер алған маржа сомасына:

Дт 2852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысулар"

Кт 1852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу".

95. Фьючерстік мәміленің ашық позициясын жабу күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған фьючерстік мәміленің талаптарына сәйкес шартты талаптар сомасына:

Дт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

Кт 6210 "Фьючерс операциялары бойынша шартты талаптар";

2) базалық активті сатып алуға және/немесе сатуға арналған фьючерстік мәміленің талаптарына сәйкес шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6710 "Фьючерс операциялары бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы";

3) банк немесе қарсы әріптес фьючерс мәмілесінің құнын (ашық позицияны жабу) нетто негізінде ақшамен өтеу кезінде:

фьючерс мәмілесінің құнын нетто негізінде өтеу кезінде:

Дт 2891 "Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

1852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысу"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары",

қарсы әріптес фьючерс мәмілесін нетто негізінде қарсы әріптесті өтеу кезінде

:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Заңды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары"

2852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысулар"

Кт 1852 "Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысулар"

1891 "Фьючерс операциялары бойынша талаптар"

4) фьючерс мәмілелерін қайта бағалаудан болған іске асырылған кірістер мен шығыстар сомасына:

Дт 5891 "Фьючерс операциялары бойынша шығыс"

4590 "Қаржы фьючерстерін қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс"

Кт 4891 "Фьючерс операциялары бойынша кірістер"

5590 "Фьючерс операцияларын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс".

Ескерту. 95-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

96. Шетел валютасымен фьючерс мәмілелері бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде бухгалтерлік жазбалар валюталық позиция және қарсы құн шоттарын (1858 "Шетел валютасы бойынша валюталық қысқа позиция", 1859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық ұзақ позиция)", 2858 "Шетел валютасы бойынша валюталық ұзақ позиция", 2859 "Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны") пайдалана отырып жүзеге асырылады.

3-параграф. Опцион мәмілелері бойынша операцияларды есепке алу

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

97. Базалық активті сатып алуға/сатуға арналған "колл/пут" опционын сатып алу күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған "колл/пут" опционының шарттарына сәйкес шартты талаптар сомасына:

Дт 6225 "Сатып алынған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты талаптар",

Кт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы",
сонымен бір мезгілде, шартты міндеттемелер сомасына сатып алынған "колл/пут" опционының шарттарына сәйкес:

Дт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

Кт 6725 "Сатып алынған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты міндеттемелер";

2) сатып алынған "колл/пут" опционы бойынша төленген сыйлықақы сомасына:

Дт 1893 "Опциондық операциялар бойынша талаптар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары".

Ескерту. 97-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80 Қаулысымен.

98. Банктің есеп саясатында белгіленген мерзімділікпен, сондай-ақ "колл/пут" опционын орындау күні сатып алынған "колл/пут" опционы әділ құны бойынша қайта бағаланады және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған "колл/пут" опционының әділ құнын оң өзгерту сомасына:

Дт 1893 "Опциондық операциялар бойынша талаптар"

Кт 4591 "Опцион операцияларын қайта бағалау бойынша іске асырылмаған кіріс";

2) сатып алынған "колл/пут" опционының әділ құнын теріс өзгерту сомасына:

Дт 5591 "Опцион операцияларын қайта бағалау бойынша іске асырылмаған шығыс"

Кт 1893 "Опциондық операциялар бойынша талаптар";

99. Ашық позицияны жабу күні сатып алынған "колл/пут" опционын орындау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатып алынған "колл/пут" опционының шарттары бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер

бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

Кт 6225 "Сатып алынған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты талаптар",

сонымен бір мезгілде, сатып алынған опцион "колл/пут" шарттары бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6725 "Сатып алынған опцион операциялары – "колл/пут" бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен операциялар бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы";

2) "колл/пут" опцион (ашық позицияны жабу) құнын ақшамен өтеу кезінде:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары"

Кт 1893 "Опциондық операциялар бойынша талаптар";

3) сатып алынған "колл" опционының шарттары бойынша базалық активті сатып алу кезінде:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

1201 "Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"

1452 "Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"

1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар"

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

1893 "Опциондық операциялар бойынша талаптар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары";

4) сатып алынған "пут" опционының шарттары бойынша базалық активті сату кезінде:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

2203 "Занды тұлғалардың ағымдағы есепшоттары";

Кт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар"

1201 "Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"

1452 "Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар"

1481 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар"

1893 "Опциондық операциялар бойынша талаптар";

5) сатып алынған "колл/пут" опционы бойынша іске асырылған кіріс сомасына:

Дт 4591 "Опцион операцияларын қайта бағалау бойынша жұмсалмаған кіріс"

Кт 4893 "Опциондық операциялар бойынша кірістер"

5591 "Опциондық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыстар";

б) сатып алынған "колл/пут" опционы бойынша іске асырылған шығыстар сомасына:

Дт 4591 "Опцион операцияларын қайта бағалау бойынша жұмсалмаған кіріс"

5893 "Опцион операциялары бойынша шығыстар"

Кт 5591 "Опциондық операцияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығыс".

Ескерту. 99-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24. N 80; 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

100. Базалық активті сатып алуға/сатуға арналған "колл/пут" опционын сату күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сатылған "колл/пут" опционының талаптары бойынша шартты талаптардың сомасына:

Дт 6325 "Сатылған опцион операциялары – "колл/пут" – қарсы шот бойынша шартты талаптар"

Кт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер"

бойынша позициясы"
6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы",
сонымен бір мезгілде, сатылған "колл/пут" опционының талаптары бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6996 "Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция"

6997 "Бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша позиция"

6998 "Тазартылған қымбат металдармен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

6999 "Шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша позициясы"

